

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылы тіркеуге алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімінің 2011 жылғы 18 қарашадағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 09 желтоқсанда N 5-19-158 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 12 қарашадағы N 5/4072 хаты)

Ескерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің аппаратының 2012.11.12 N 5/4072 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабы 1-тармағы 13)-тармақшасына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұрғылықты мекен-жайы бойынша Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алу ұйымдастырылсын және жүргізілсін.

2. Тіркеуге алуды жүргізу кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестіктері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директорына (Т.М. Абайделдінов):

1) медициналық комиссия құрамын білікті маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік мамандармен, қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және дәрі-дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақырушыларды стационарлық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек-орын саны бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскер жасына дейінгілерді емдеу үшін

маман-дәрігерлерді тағайындау;

4) 2012 жылы тіркеуге алынатын азаматтарды емдеу және медициналық куәландыруды өткізетін емдеу мекемелер базасын анықтау ұсынылсын.

4. Қала, кенттер, ауылдық округтерінің әкімдері әскери-есеп үстелінің мамандарының ілесуімен жасөспірімдердің тіркеуге уақытында келуі мен күні туралы хабарлауды қамтамасыз етсін.

5. «Шығыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Д.Б. Ибраев) медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге, шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсету ұсынылсын.

6. Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығына (Д.О. Жииндинов) ұсынылсын, Шемонаиха ауданының білім беру бөлімінің бастығына (Ш.Ж. Абаева) тіркеуге алу кезеңінде әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүргізсін.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары Т.Д. Колтуноваға жүктелсін.

8. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданы
әкімінің міндетін атқарушы В. Лонский

Келісілді:

Шемонаиха ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімінің бастығы Д. Жииндинов
18.11.2011 ж.

Шемонаиха ауданы ішкі
істер бөлімінің бастығы Д. Ибраев
18.11.2011 ж.

«Шемонаиха ауданының медициналық
бірлестігі» КМҚК директоры Т. Абайдельдінов
18.11.2011 ж.

Шемонаиха ауданы әкімінің
2011 жылғы 18 қарашадағы
№ 01 шешіміне
қосымша

**Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру
учаскесіне тіркеуге алынатын жылы 17 жасқа толатын ер
азаматтарды 2012 жылы тіркеуге алуды жүргізу
КЕСТЕСІ**

№ р /с	Ауыл/кент округтері оқу орын. атаулары	барлығы	17.01.12	18.01.12	19.01.12	20.01.12	23.01.12	24.01.12	01.02.12
1	Вавилон	26	26						
2	Волчанка	19		19					ке
3	Зевакино	23			23				
4	Каменевка	9		9					
5	Октябрьский	5			5				
6	Выдриха	20	11	9					
7	Верх-Уба	13	13						
8	Усть-Таловка	21		13	8				
9	Разин	12			12				
10	Первомайский	21			2	19			
11	Шемонаиха қ.	120				31	50	39	
	Барлығы:	289	50	50	50	50	50	39	

кестенің жалғасы:

№ р /с	Ауыл/кент округтері оқу орын. атаулары	барлығы	08.02.12	15.02.12	22.02.12	29.02.12	07.03.12	14.03.12	21.03.12
1	Вавилон	26							
2	Волчанка	19							
3	Зевакино	23	л						
4	Каменевка	9		меу					
5	Октябрьский	5			ку				
6	Выдриха	20				ә			
7	Верх-Уба	13					лан		
8	Усть-Таловка	21						ды	
9	Разин	12							ру
10	Первомайский	21							
11	Шемонаиха қ.	120							
	Барлығы:	289							

*Шемонаиха ауданы қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы Д. Жииндинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК